

Капитал нарығы

Жылдық шолу

2023

МАЗМҰНЫ

1

ҚЫСҚА ШОЛУ

2

АХҚО БИРЖАСЫ

- 2023 жылдағы негізгі оқиғалар
- Бөлшек (жеке) инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы
- Tabys қосымшасы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2023 жылы АХҚО биржасы бөлшек инвесторлар санының артуы, AIXQI индексінің мәні, сауда-саттық көлемі, тартылған борыштық капиталдың көлемін және Tabys-тағы инвесторлар мен инвестициялар санының өсуін қоса алғанда, бірқатар негізгі көрсеткіштер бойынша жетістіктер бойынша тарихи ең жоғары деңгейге жетті.

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

АХҚО биржасындағы бөлшек инвесторлар саны 2023 жылы үш есеге өсті (+1,05 млн жаңа шоттар) және осылай өзінің тарихи максимумына жетті

1,58
млн

Өсу +201%
2023 ж. бөлшек
инвесторлардың саны

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылы үш есеге өсіп, акциялармен сауда-саттық көлемі бойынша да, борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жағынан да өзінің тарихи жоғары дәрежесіне жетті

\$582
млн

\$130 млн
Ағымдағы жылы акциялармен
сауда көлемі.

\$452 млн
Борыштық бағалы қағаздармен
сауда-саттық көлемі.

ТАРТЫЛҒАН КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі өткен жылы төмендегеннен кейін қалпына келді және 2023 жылы өзінің ең максимумына жетті (2 млрд доллардан асты). Ал 2023 жылы тартылған акционерлік капиталдың көлемі 9 млн долларды құрады

\$4,6
млрд

\$365 млн
Тартылған акционерлік
капиталдың көлемі

\$4,2 млрд
Тартылған борыштық
капиталдың көрсеткіші

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО Биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту шеңберінде құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО Әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті Junior Mining, «Белдеу және жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдық өнімдер (ETF, ETN)

БАСЫМДЫҚ

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс және түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

2023 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

POLYMETAL-ДЫҢ РЕДОМИЦИЛЯЦИЯСЫ

Polymetal International plc. алтын өндіруші компаниясы әлемдегі ең ірі алтын, күміс өндірушілердің ондығына кіреді. Алпауыт өз акцияларының бастапқы листингін Лондон қор биржасынан AIX-ке ауыстырған және АХҚО-ның арнайы құқықтық юрисдикциясында тіркелген алғашқы эмитент болды. Соның нәтижесінде:

- 6 ірі жаһандық кастодиандар AIX-те қосымша шоттар ашты
- Ұлыбританиядан, АҚШ-тан, Еуропадан және басқа юрисдикциялардан 4000-нан астам Polymetal акционерлері акцияларды AIX немесе CSD AIX тіркеушісіне өткізді.

ЖАҢА ӨНІМДЕР

AIX холдингтік компанияларды облигациялар шығару арқылы **топ ішінде қаржыландыру үшін өтімділікті басқару құралын** енгізді. 2023 жылы екі эмитент Өтімділікті басқару бағдарламаларын тіркеді оның аясында 18 облигация шығарылды.

AIX ESG жобаларын қолдауға арналған бағдарламаны іске қосты, осыған орай 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін шығарылған листинг/сауда ақысы алынбайды немесе төмендетілмейді (Ескерту: бағдарлама 2024 жылдың Наурыз айының аяғына дейін ұзартылды). Аталған бағдарлама аясында Қазақстанның Даму Банкі және Jet Group Ltd. жасыл облигациялары шығарылды.

AIX **Шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін (ШОБ) жаңа өнімді** енгізді. Жаңа өнім капитал нарықтарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, белгіленген лимиттер шеңберінде теңгемен қысқа мерзімді қаржыландыруды алуда ШОБ-ты қолдауға арналған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

AIX және Абу-Даби қор биржасы (ADX) AIX-ті Tabadul **сандық биржалық сауда орталығына** қосу туралы келісімге қол қойды. Tabadul мүшелеріне қазірдің өзінде Бахрейн қор биржасы, Орталық Азия биржасы (Тәжікстан) және Маскат бағалы қағаздар нарығы (Оман) кіреді.

Tabadul Hub, сауда-саттыққа өзара қол жетімділік моделіне негізделген цифрлық Биржаның алғашқы аймақтық орталығы, өңірлік және жаһандық деңгейде мүше биржалар арасындағы сауда-саттыққа арналған цифрлық биржалық алаңды ұсынады.

БӨЛШЕК ИНВЕСТИРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2023 жылы АХҚО биржасы бөлшек инвесторлар санының бұрын-соңды болмаған үш есе өсуіне қол жеткізді (+1,05 млн жаңа шоттар). Тоғыз жаңа сауда мүшесінің арқасында АХҚО биржасы өтімділіктің артуына және инвестициялық мүмкіндіктердің кең ауқымына ықпал ете отырып, бәсекелестік орта тудырды.


БӨЛШЕК ИНВЕСТИРЛАР

1,58 млн

бөлшек инвесторлар

+201%

2023 жылдағы өсім



Бөлшек инвесторлар деп қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғаларға айтады. Олар мемлекет немесе белгілі бір компания атынан қатыспайды.


АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА МҮШЕЛЕРІ

37

Сауда мүшелерінің жалпы саны

+9

2023 жылы жаңа мүшелер қосылды



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдарымен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады, ол қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұрады. 2023 жылы AIXQI индексі өткен жылдың төмендеуінен қалпына келіп қана қоймай, өсу жағынан жаңа тарихи максимум деңгейіне жетті.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жағдайын бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компанияларға бизнестен түсетін кірістер ішінара немесе толығымен Қазақстанда болатын, елімізде тіркелген немесе мемлекетімізде операциялық қызметтің елеулі үлесі бар компаниялар кіреді.

ЖАЛПЫ ШОЛУ

АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі және нарықтық капиталдандыру өткен жылдың төмендеуінен кейін қалпына келіп, 2023 жылы тарихи ең жоғары деңгейге жетті.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$582 млн

2023 ж сауда-саттықтың жиынтық көлемі

+236%

2023 жылы өсуі



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі - бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$62,6 млрд

2023 жылдағы нарықтық капиталдандыру

+63%

2023 жылдағы өсу



Биржаның нарықтық капитализациясы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолу жасайды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2018-2022 жылдар аралығында листингтер санының 6-дан 24-ке дейін өсуі байқалды. 2023 жылы 19 листингке дейін аздап төмендегеніне қарамастан, жаңа листингтер саны сол деңгейде қалды. АХҚО биржасындағы сауда көлемі өткен жылдың төмендеуінен кейін қалпына келіп, 2023 жылы тарихи ең жоғары деңгейге жетті.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

19

2023 жылы листингтердің жалпы саны



Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$130 млн

2023 жылы акциялармен сауда-саттық көлемі

+94%

2023 жылдағы өсу



Акциялардың сауда-саттық көлемі - бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.

ТАРТЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2019 жылы айтарлықтай өсуден кейін келесі жылдары тартылған акционерлік капитал көлемінің төмендеу тенденциясы байқалады, бұл бірінші кезекте бастапқы орналастырулардың (IPO) аздығымен түсіндіріледі.


АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

\$365 млн

Тартылған акционерлік капиталдың көлемі


\$9 млн

2023 жылы осы сома көлемінде акционерлік капитал тартылды



Акционерлік капитал-бұл компаниялардың өз үлестік құралдарын шығару және сату арқылы тартатын қаражаты.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛУ




Салалар бойынша бөлу тартылған акционерлік капиталдың жалпы көлемінен белгілі бір салалардың қанша үлес алатынын көрсетеді.


2023 ЖЫЛДАҒЫ ТОП-5 АКЦИЯЛАР

2023 ЖЫЛЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰН ӨСІМІ БАР ЕҢ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


Банк ЦентрКредит




Қазатомөнеркәсіп



Polymetal



Kaspi.kz




Halyk Bank




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ*


Polymetal



ҚазМұнайГаз



Қазатомөнеркәсіп



Halyk Bank



Kaspi.kz



*Сауда-саттықтың жалпы көлемінің үлесі (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

Борыштық бағалы қағаздар листингтерінің көлемі және эмитенттер саны 2018-2023 жылдар аралығында айтарлықтай өсті. Қарыз құралдарымен сауда-саттық көлемі өткен жылы құлдыраудан кейін қалпына келді де 2023 жылы өзінің тарихи шыңына жетті.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР



Қол жетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$452 млн

2023 жылдағы
сауда көлемі

+326%

2023 жылдағы
өсу



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі-белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі өткен жылдың төмендеуінен кейін қалпына келді және 2023 жылы өзінің тарихи максимумына жетті.


БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

\$4,2 млрд

Тартылған
жалпы
борыштық ақша
сомасы


+\$2 млрд

тек 2023 жылы
тартылғаны




Борыштық капитал-бұл инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы компаниялар тартатын қаражат.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛУ



Салалар бойынша бөлу белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2023 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында орналастырылған облигациялар (USD/EUR)
Теңгемен болған облигациялар

— Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

TABYS ҚОСЫМШАСЫ (1/2)

TABYS – жеке инвесторларға немесе жаңа бастап жатқан қарапайым адамдарға арналған сауда алаңы. Платформа қаржылық өнімдердің кең спектрін ұсынады, оның ішінде бастапқы инвестициялық шегі бар-жоғы 6 доллардан ғана басталатын 16 биржалық сауда ноталары бар (ETN). TABYS 16 және одан жоғары жастағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін де, резидент еместер үшін де қолжетімді.


БӨЛШЕК (ЖЕКЕ) ИНВЕСТОРЛАР

45,6 мың

Жеке
инвесторлар

29%


2023 жылы
олардың саны
29 пайызға
артты



ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ БӨЛІНУІ

64% Ер адамдар

36% Әйел адамдар



60%-дан астамы 35 жастан төмен кісілер

TABYS ҚОСЫМШАСЫ (2/2)

TABYS платформасындағы инвестициялар мен сауда-саттықтың өсуі 2023 жылы өзінің тарихи шыңына жетті.


ИНВЕСТИЦИЯЛАР

\$4,2 млн

Жалпы көлемі

+1,1 млн

2023 жылдағы
инвестициялар
дың өсуі





ОБЪЕМ ТОРГОВ

\$5,5 млн

2023 ж. сауда-
саттықтың сандық
көрсеткіші

+53%

2023
жылдағы өсу



ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАҒАНДАР

АХҚО Әкімшілігі

- Келбетов Данияр
Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директор
- Бектуров Альтаир
Деректерді талдау департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректерді талдау департаментінің аға менеджері

АХҚО Биржасы

- Абилкасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- АХҚО сайты: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: markets@aix.kz
- Сұраулар үшін: DataAnalytics@aifc.kz

